



**Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен
жекешелендірудің бағдарламасы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1051.
Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.07.06. N 644
қаулысымен. ~P980644

Отандық қаржы институттарын нығайту мақсатында және Қазақстан
Республикасында банк жүйелерін одан әрі реформалаудың 1996-1997 жылдарға
арналған бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы
етеді:

1. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен
жекешелендірудің бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын,
шаруашылық жүргізуші объектілер тізбесіне енгізілген кәсіпорындардың
мемлекеттік акциялар пакетінің көлемін айқындау туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 маусымдағы N 936 қаулысының 1-
тармағы P970936_ Қазақстан Акционерлік Халықтық

Жинақ Банкі бөлігінде бекітілген Қазақстан Акционерлік Жинақ Банкін
кезең-кезеңмен жекешелендірудің бағдарламасына сәйкес жүзеге
асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі апталық
мерзім ішінде Қазақстан Акционерлік халықтық Жинақ Банкін қайта
тіркеуді жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 шілдедегі
N 1051 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін
кезең-кезеңімен жекешелендірудің 1997-2001 жылдарға арналған
БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңімен жекешелендіру бағдарламасы Қазақстан Республикасының банк жүйелерін одан әрі реформалаудың 1996-1998 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес әзірленді.

I. Мақсаттар мен міндеттер

1. Осы Бағдарлама Қазақстан Халықтық Жинақ Банкін жекешелендіру процесінің негізгі кезеңдерін, акцияларды сату тетігінің негізгі принциптерін, инвесторлар шеңберін, Үкіметтің банктің қызметін бақылауының нысандарын айқындайды.

2. 1997-2001 жылдардағы кезеңде акциялардың бақылау пакетін мемлекетте сақтау маңызды әлеуметтік мәні бар, халықтың депозиттері рыногындағы оның рөліне орай еліміздің қаржы жүйесінде ерекше орынға ие, мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында және жеке адамдарға қызмет көрсетуде шешуші роль атқаратын банктің қызметін бақылауды жүзеге асырудың қажеттігіне байланысты болып отыр.

3. Тікелей мемлекеттік бақылауды азайту еліміздің қаржылық және банктік жүйесін нығайтуға, халыққа әлеуметтік бюджеттік төлемдерді жүзеге асырудың қажетті тетіктерін қалыптастыруға, міндетті медициналық сақтандыру мен дүниежүзілік стандарттарға сәйкес келетін пластикалық кәртішкелерді пайдалану арқылы есеп айырысулардың қазіргі заманғы төлем жүйесінің шеңберінде төлемдер бойынша есеп айырысулардың тиімді жүйесін құруға қарай жүргізілетін болады.

4. Кезең-кезеңімен жекешелендірудің мақсаты:

- * банктің кеңейтілген ұдайы өндірісін қамтамасыз ету мақсатында оны капиталдандыру;

- * банктің салымшылар алдындағы есептілігінің дәрежесін арттыру мақсатында бірінші кезекте банктің акционерлері болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының тарапынан банктің қызметіне ашық бақылау тетігін құру;

- * банктің серпінді дамуын қамтамасыз ету және техникалық жетілдіру

бағдарламаларын жүзеге асыру үшін банктің меншік капиталын кеңейту;

- * банкті ашық үлгідегі Акционерлік Қоғам етіп қайта құру;

- * еркін айналыс және биржалық және биржадан тыс корпоративтік бағалы қағаздар рыногында банк акцияларына баға белгілеу тетігін құру.

II. Бірінші кезең: 1997-1998 жылдар

5. Жекешелендірудің бірінші кезеңінің негізгі міндеттері:

- банкті бір акционер - Үкімет 100 процент қатысатын акционерлік қоғамнан банктің салымшылары болып табылатын акционерлері бар жабық үлгідегі акционерлік қоғамға айналдыру;

- Қазақстан Халықтық Банкі акцияларының рыногын құру;

- банкті жабық үлгідегі акционерлік қоғамнан ашық үлгідегі акционерлік қоғам етіп қайта тіркеу;

- акциялардың бағамдық құнын жанама басқаруды жүзеге асыру;

- бағалы қағаздар рыногына қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау және қаржы рыноктарының инфрақұрылымын жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

6. 1997-1997 жылдары Қазақстан халықтық Жинақ Банкін жекешелендіру міндеттерін шешу 1997 жылы енгізілген банктің негізгі қаражатқа инвестициясының ең жоғарғы мөлшерінің коэффициентін қоса есептегендегі барлық пруденциялық нормативтерді одан әрі орындау мақсатымен банктің капиталын үнемі арттырумен және банктің Халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі бағдарламаларын орындаумен үйлестірілетін болады.

7. "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 мамырдағы N 834 қаулысына Р970834_ сәйкес банктің жарғылық қорын тіркеу 1,7 млрд. теңге мөлшерінде жүргізіледі. Банктің 1996 жылғы 638 млн. теңге сомасындағы пайдасының үлкен бөлігі капиталдануға бағытталады. Жарияланған қаржылық қордың сатылып алынбаған акцияларының қалдығы конкурстық негізде Халықтық Жинақ Банкінің салымшыларына сатылатын болады.

8. Акцияларды сату банк капиталын бағалау ескерілген баға бойынша жүзеге асырылады. Аталған эмиссияларға жазылу мен оларды орналастырудың нәтижелері бойынша банк қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, кейіннен акцияларды рынокта еркін айналысқа шығару арқылы ашық үлгідегі акционерлік қоғам болып қайта құрылатын болады.

9. Жекешелендірудің бірінші кезеңінде банк капиталының ұдайы өсуінің қажетті шарттары банктің 1997 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша пайданы капиталдандыру болып табылады. 1998 жылы қосымша эмиссияның негізгі

бөлігі банк 1997 жылы алған пайданың есебінен сатылып алынатын болады (пайданы капиталға айналдыру).

Жарияланған жарғылық қор акцияларының қалған бөлігі нарықтық құны бойынша жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да сату жолымен ашық рынокта сатылатын болады. Бұл ретте бір акционерге 3 проценттен артық болмайтын шектеу қолданылуы тиіс. Бағамдық кіріс қолданылып жүрген салық заңдарын қолдану шартымен банктің капиталына есептелетін болады.

10. Жекешелендірудің бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін акциялар

пакетінің ара-қатынасы: мемлекеттік пакет - 72 процент, жеке инвесторлар - 28 процент болады.

III. Екінші кезең: 1999 жыл

11. Жекешелендірудің екінші кезеңінің негізгі міндеттері:

- банк акцияларына баға белгілеу тетігін түпкілікті қалыптастыру;
- биржалық және биржадан тыс рыноктарда акциялардың белсенді саудасы үшін қолайлы жағдай жасау;
- еркін ақша қаражаттарының еліміздің қаржы рыноктарын дамытуға құйылуын қамтамасыз ету.

12. 1998 қаржы жылындағы пайданы бөлу кезіндегі мақсаттық бағдарлар қаражаттың шамамен 80 процентін банкті капиталдандыруға, ал 20 проценттейін - дивидендтерді төлеуге бағыттаумен белгіленеді. Дивидендтің мөлшері банк қызметінің ауқымына сәйкес келетін акциялар бағамын белгілей қажеттілігіне сүйене отырып айқындалатын болады.

13. Акциялардың қосымша эмиссиясының негізгі бөлігі бірінші орналастыру кезінде бір адамға акциялардың 3 процентін сатумен шектеу арқылы бағалы қағаздар рыногында еркін таратуға жатады.

14. Екінші кезең аяқталғанда акциялардың мемлекеттік пакетінің үлесі 51 процентке дейін қысқарады, ал акциялардың 49 проценті жеке инвесторларға тиесілі болады.

IV. Үшінші кезең: 2000-2001 жылдар

15. Жекешелендірудің үшінші кезеңінің негізгі міндеттері:

- орташа және ірі инвесторлардың арасында банктің акцияларын кеңінен орналастыру;
- жетекші халықаралық қаржы институттарының арасынан стратегиялық инвесторларды таңдау;
- акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату арқылы мемлекеттің бюджетіне барынша мүмкін болатын кірістер алу.

16. 1999-2000 жылдардың қорытындысы бойынша пайданы бөлу кезіндегі мақсаттық бағдарларды банктің таза пайдасының 30 процентін дивидендтерді төлеуге, ал 70 процентін - Жарғылық қорды арттыруға бағыттау үшін белгілеу ұйғарылып отыр.

17. Акциялардың жекешелендірудің үшінші кезеңіндегі ұйғарылып отырған ағымдағы бағамы ұдайы өсіп, бірнеше номиналға жетеді, осылайша көзделіп отырған Үкімет акцияларының бағамдық құнының артуы оларды сату кезінде банктің жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді, бюджетке айтарлықтай мол түсім әкеледі.

18. Үкімет акциялардың бақылау пакетінің иесі құқығын пайдалана отырып, ішкі және сыртқы қор рыноктарында кейіннен оларды корпоративтік инвесторларға сату арқылы акциялардың айтарлықтай қосымша эмиссиясы туралы шешім қабылдай алады.

19. Үкімет сонымен қатар акциялардың бір бөлігін Қазақстан халықтық Банкінің әріптестері - жетекші халықаралық қаржы институттары тұлғасындағы стратегиялық инвесторларға сату туралы шешім қабылдай алады.

20. Жекешелендірудің үшінші кезеңі аяқталғанда Қазақстан Халықтық Банкінің Жарғылық қорындағы акциялардың мемлекеттік пакетінің үлесі 25 процентке дейін жеткізілетін болады.

Жекешелендірудің ұсынылып отырған Бағдарламасын орындау нәтижесінде Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі 2001 жылы барлық негізгі өлшемдер бойынша тиісті халықаралық деңгейге шығатын болады.